

Ата-анамен жұмыс

2022-2023 оқу жылы

Мектебімізде "Оқуға құштар мектеп" жобасын дамыту мақсатында "Үздік оқырман отбасы" байқауына қатысып отырған Әбдірашевтер отбасысының "Кітап және менің отбасым" атты бейнебаяны.


[https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft_\[0\]=AZVPbWrvO4GxyytKYRRiC-XnTTMjvz-xyu1B_QxlAB-eTJXFox4vtxE7xa-9qsQyiWraO6kZpvFVKOVWFMVxpUWBLg9kpy_8YQryGAbhXUEEnEDAYJIQkM7OBwqwmIleRx8u8vA2xLUGoGF-1eKMxBakQCs1Wy2OQhQx5hftmxe2zQ&_tn_=-\[C%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft_[0]=AZVPbWrvO4GxyytKYRRiC-XnTTMjvz-xyu1B_QxlAB-eTJXFox4vtxE7xa-9qsQyiWraO6kZpvFVKOVWFMVxpUWBLg9kpy_8YQryGAbhXUEEnEDAYJIQkM7OBwqwmIleRx8u8vA2xLUGoGF-1eKMxBakQCs1Wy2OQhQx5hftmxe2zQ&_tn_=-[C%2CP-R)

Мектебімізде 25 қараша - 10 желтоқсан аралығында республикалық "Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн" ақпараттық науқанын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нашакорлықтың алдын алу мәселелері туралы айтылды. Жиналысқа Сазды ауылдық ФАП фельдшері Л.Жанысова және Сазды ауылдық әкімшілігінің бас маманы Қ.Кәрібаев қатысты.



[https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft_\[0\]=AZUJcoTx9wmZuBjdtZ-4Ovr-Apm1ukyOnkAlOhwDjJVSloGC_Yej_WTcHtRsvM_SnT6ERttjf5D74QOsEiJzDcuAk3aEhq1ZNTPxKgdooSJqHvQre-9EKPbcNoQ_V99MXfErHT515rpAU3jvGSfm6T4y8L5LCxRhX3N9PoOpwtgOFw&_tn_=-UC%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft_[0]=AZUJcoTx9wmZuBjdtZ-4Ovr-Apm1ukyOnkAlOhwDjJVSloGC_Yej_WTcHtRsvM_SnT6ERttjf5D74QOsEiJzDcuAk3aEhq1ZNTPxKgdooSJqHvQre-9EKPbcNoQ_V99MXfErHT515rpAU3jvGSfm6T4y8L5LCxRhX3N9PoOpwtgOFw&_tn_=-UC%2CP-R)

Ата-анаммен ертегі құрастырамын шарасының қатысушы 4 сынып оқушысы Дулатқызы Айдын анасымен



Мектебімізде 8-11 сынып ата-аналарына "Ата-аналардың тәрбиесі және жағымсыз әдеттері" тақырыбында дәріс өткізілді. Кәмелетке толмаған баланың ойын-сауық орнында заңды өкілінің қатысуымен болуы, ата-аналардың кішкентай балалармен бірге ересектерге арналған ойын-сауық орындарында болудың балалар денсаулығына зияндылығы түсіндірілді. "Синтетикалық есірткінің таралуы және дәріханалық нашақорлық проблемалары" тақырыбында бейнедәріс көрсетіліп, ата-аналар пікірі талданды. Дәріс соңында ата-аналарға жадынамалар таратылды.



[https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__\[0\]=AZWSwoE3pkI-b_N6wgMmid4bp3A8KHCmzW4PtezYhghK3z3d0mD1z8PLyg50ZbrNjejh0NdUkCs2y4oWi4VwQsLISoDGv](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__[0]=AZWSwoE3pkI-b_N6wgMmid4bp3A8KHCmzW4PtezYhghK3z3d0mD1z8PLyg50ZbrNjejh0NdUkCs2y4oWi4VwQsLISoDGv)

[ElyOtOLIJWMOHn4hfg93a61GjfV7b38cLzA6Yaz9p6xvATTJsiDsmNuGC1ZOshEvRWwzKjSxAXw_futNw&_tn_=-UC%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft_[0]=AZXVjvL4gfYDBlzo6P36z_5B5wgd7Jv9B5bTKyd_x3NocQwu6dKVZGcz_WAmzX5X9Zgt7BXXP81UZ5z8cCbSHdLnPmWzZqJxR1MBrbZRkUPbX2isuZAhVcHAivNee2UVNluLNZdj61_8wgOFS2tNOnE3FkUcxhhlEp6LApYVvYK6MmsA&_tn_=-UC%2CP-R)

15 мамыр- Халықаралық отбасы күні.

"Отан отбасынан басталады".

Жанұяның береке-бірлігі – әр сәбидің, әр баланың болашақ қадамы. Өйткені, ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің. Отбасы – ол да бір шағын ғана мемлекет. Отбасы тіршілігінің ежелден қалыптасқан заңы бойынша, оны отағасы, ол болмаса, отанасы, одан қалса, үлкен аға не әпке басқарады, олардың сөзін, ұйғарымын өзгелері жерде қалдырмайды. Әрбір ересек адам өзі бақытты болуы үшін, ең бастысы, өзгелерді, оның ішінде бірінші болып балаларды бақытты ету керек екендіктерін білулері қажет. Бала отбасының жылуын, қолдауын сезінгенде ғана бақытты болып ержететінін білеміз. Бүгін - жарық дүниедегі ең жақын жандарыңыздың төл мерекесі.

Мереке қарсаңында баршаңызға зор денсаулық, бірлік - тілейміз. Әр отбасыда бейбітшілік пен татулық салтанат құруына тілекшіміз.

[https://www.facebook.com/profile.php?](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft_[0]=AZXVjvL4gfYDBlzo6P36z_5B5wgd7Jv9B5bTKyd_x3NocQwu6dKVZGcz_WAmzX5X9Zgt7BXXP81UZ5z8cCbSHdLnPmWzZqJxR1MBrbZRkUPbX2isuZAhVcHAivNee2UVNluLNZdj61_8wgOFS2tNOnE3FkUcxhhlEp6LApYVvYK6MmsA&_tn_=-UC%2CP-R)

[id=100047927026214&_cft_\[0\]=AZXVjvL4gfYDBlzo6P36z_5B5wgd7Jv9B5bTKyd_x3NocQwu6dKVZGcz_WAmzX5X9Zgt7BXXP81UZ5z8cCbSHdLnPmWzZqJxR1MBrbZRkUPbX2isuZAhVcHAivNee2UVNluLNZdj61_8wgOFS2tNOnE3FkUcxhhlEp6LApYVvYK6MmsA&_tn_=-UC%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft_[0]=AZXVjvL4gfYDBlzo6P36z_5B5wgd7Jv9B5bTKyd_x3NocQwu6dKVZGcz_WAmzX5X9Zgt7BXXP81UZ5z8cCbSHdLnPmWzZqJxR1MBrbZRkUPbX2isuZAhVcHAivNee2UVNluLNZdj61_8wgOFS2tNOnE3FkUcxhhlEp6LApYVvYK6MmsA&_tn_=-UC%2CP-R)

Қызылорда облыстық білім беру орталығының оқу-тәрбие жұмыс жоспарына сай 2022-2023 оқу жылының 15-19 мамыр күндері аралығында ұйымдастырылған "Өз елімнің патриотымын" тақырыбындағы апталық барысында "Отан үшін отқа түскендер" атты оқушылар мен ата-аналар бірлесе отырып, Ұлы Отан соғысының батырларының ерліктері туралы деректі фильмдер көрсетілді. Аталған шараға ата аналары қатысты. Оқушы назарларына көптеген фильмдер ұсынылды. Атап айтар болсақ, Батыстың батыр қызы, ұшқыш Хиуаз Доспанованың ерлігі баяндалатын "Көктегі жалын", Қазақтың қос шынары Әлия Маншүк туралы "Жауқазын ғұмыр", Ұлы Отан соғысының ардагері, батыр Қасым Қайсеновтың ғұмыр жолы сипатталатын "Қайтпас қайсар Қасым" атты, т.с.с. көптеген фильмдер көпшілік назарына ұсынылды. Оқушылар мен ата -аналар кинодан алған әсерімен бөлісті. Қазіргі бейбіт дәуірді сыйлаған ата-баба ерлігіне тағзым ете отырып, көз жасына ерік берген аналарымыз балаларды өршіл, рухты, жігерлі етіп тәрбиелеу керектігін алға тартты.

[https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft_\[0\]=AZU55EfWCmcL6-QtliCaOeW5bZVEPinXwI0BLQ5Y66FaSFYJV2C6L9Wcl5e-FrcRAivl1UScgvchoKULxhae7HS-G3EFiXamluqSJOU6G3v3wvaONoQmdvmkiydz2d_mTkoSNMtQ3z2DVDHAcui-4telKLDrrd5c9XJ20HW8s4739Q&_tn_=-UC%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft_[0]=AZU55EfWCmcL6-QtliCaOeW5bZVEPinXwI0BLQ5Y66FaSFYJV2C6L9Wcl5e-FrcRAivl1UScgvchoKULxhae7HS-G3EFiXamluqSJOU6G3v3wvaONoQmdvmkiydz2d_mTkoSNMtQ3z2DVDHAcui-4telKLDrrd5c9XJ20HW8s4739Q&_tn_=-UC%2CP-R)

2023-2024 оқу жылы

Әлеуметтік экономикалық жағдайлардың күрделілігіне қарамастан, отбасы балаларды әлеуметтендірудің негізгі институты болып қала береді. Ата-аналардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық шындыққа қаншалық бейімделе алатынынан және позитивті ата-ана болу құзыретін қаншалық дамыта алатынынан біздің мемлекетіміздің балалары мен жастарының толыққанды дамуы мен жалпы әл-ауқаты қамтамасыз етілетін болады.

Позитивті ата-ана мәдениетін дамыту республиканың білім беру ұйымдарының педагогтарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырылуы мүмкін. Позитивті ата-ана мәдениетінің мәні – баланың терең түсінігінде, оның қажеттіліктерін, тілектерін, белгілі бір мінез-құлықтың себептерін, жеке тұлғаның толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауда.

Позитивті ата-ана – достық қарым-қатынасқа негізделген ата-ана стилі, бала мен ересек адамның қолдауы, өзара ынтымақтастығы. Мектебімізде биылғы оқу жылында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылды. "Баланың басты ұстазы - ата-ана" тақырыбында ата-аналарға орталық туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



[https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__\[0\]=AZXHjiJF2ddWUd5X4gQKe_NpGNm4PrPhdyUrRnc1Bo6oclAjIBCQfXXD_cgVFxvdXLolL_dsxFSxscFgLjMTz7G3Fi9AkB3HV85Or9vzglcOwtv1OQutUjof_SVt9A8wvNeBKsQiafLLVtnRd6QfTugj5eRd6OqZhVeRLMaGwLXmAQ&_tn_=-UC%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__[0]=AZXHjiJF2ddWUd5X4gQKe_NpGNm4PrPhdyUrRnc1Bo6oclAjIBCQfXXD_cgVFxvdXLolL_dsxFSxscFgLjMTz7G3Fi9AkB3HV85Or9vzglcOwtv1OQutUjof_SVt9A8wvNeBKsQiafLLVtnRd6QfTugj5eRd6OqZhVeRLMaGwLXmAQ&_tn_=-UC%2CP-R)

"Оқу - тәрбие үдерісіндегі сапаны басқару мен оны жетілдірудегі педагог қызметкерлердің күзіреттілігін арттыру" әдістемелік бір күн аясында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы 10-11 сынып ата-аналарына "Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу..." тақырыбында сабақ өткізілді.

Сабақ барысында жоғары сынып оқушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері, позитивті ата-ана тәрбиесі-жоғары сынып оқушыларының өз болашағын өз бетінше құруға қалауы мен қабілетін қолдау қажеттігі және ұлттық этика негізінде заман талабына сай өзін-өзі тәрбиелеу әдістерімен таныстырылды.



[https://www.facebook.com/profile.php?](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__[0]=AZUVuOrNK9m7Hp2zosk1h0wh6HWsCx0eUVlvAbxNjWBQWzJ0Bb5PNEgETXP1UPdKtsO-vqoZi0zxXvY1nNjhxJwg4mLTmjW4j3IDqBIEHkiTdIMk72juYca-xUNod9njpCCjoOMIL-mrkjOOBZbkj1TYioM0D3iHW2GmG293wiUYA&_tn=-UC%2CP-R)

[id=100047927026214&_cft__\[0\]=AZUVuOrNK9m7Hp2zosk1h0wh6HWsCx0eUVlvAbxNjWBQWzJ0Bb5PNEgETXP1UPdKtsO-vqoZi0zxXvY1nNjhxJwg4mLTmjW4j3IDqBIEHkiTdIMk72juYca-xUNod9njpCCjoOMIL-mrkjOOBZbkj1TYioM0D3iHW2GmG293wiUYA&_tn=-UC%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__[0]=AZUVuOrNK9m7Hp2zosk1h0wh6HWsCx0eUVlvAbxNjWBQWzJ0Bb5PNEgETXP1UPdKtsO-vqoZi0zxXvY1nNjhxJwg4mLTmjW4j3IDqBIEHkiTdIMk72juYca-xUNod9njpCCjoOMIL-mrkjOOBZbkj1TYioM0D3iHW2GmG293wiUYA&_tn=-UC%2CP-R)

Қазан Ата-ана жиналысы

Баланың бас ұстазы ата-анасы. Тәрбие үдерісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірімен жалғасын табады.

Бүгінгі мақсат- әрбір бала түбегейлі біліммен мәдениеттің негіздерін білу.

Кездесу барысында ата-аналармен тренингтер, жаттығулар жасалды. Әр ата-ана балаларының білімі, тоқсандық қорытындылары, үлгерімдері мен тәртібіне байланысты сұрақтарына жауап алып, ұстаздарына алғыстарын білдірді. Сонымен қатар ата-аналарға нашақорлықтың алдын алу, лудомания туралы айтып, кеңес берілді. Ата-ана, оқушы және мектеп ынтымақтастығын күшейту мақсатында ұйымдастырылған жиналыс жоғары деңгейде өткізіліп, белсенділік көрсеткен ата-аналар марапатталды.

[https://www.facebook.com/profile.php?](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__[0]=AZW2LGybekMbKD481eBfg9Z49410VoH4yr6P8jivtz7bNzCOG8-C-S_gaQfn6QsSL3QTz9JyPghDMv722Ys4Dr4grs0aAQgLjTnbX8HITMUQQv6BAnuX95kf543YOZoS2vhIN_RFD50M4U0nuIo2FKh6Z-DYIaAOyNBBLe1DsQtmQ&_tn=-JC%2CP-R)

[id=100047927026214&_cft__\[0\]=AZW2LGybekMbKD481eBfg9Z49410VoH4yr6P8jivtz7bNzCOG8-C-S_gaQfn6QsSL3QTz9JyPghDMv722Ys4Dr4grs0aAQgLjTnbX8HITMUQQv6BAnuX95kf543YOZoS2vhIN_RFD50M4U0nuIo2FKh6Z-DYIaAOyNBBLe1DsQtmQ&_tn=-JC%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__[0]=AZW2LGybekMbKD481eBfg9Z49410VoH4yr6P8jivtz7bNzCOG8-C-S_gaQfn6QsSL3QTz9JyPghDMv722Ys4Dr4grs0aAQgLjTnbX8HITMUQQv6BAnuX95kf543YOZoS2vhIN_RFD50M4U0nuIo2FKh6Z-DYIaAOyNBBLe1DsQtmQ&_tn=-JC%2CP-R)

Мектебімізде "Алғашқы ұстаз!" тақырыбында 1 сыныпта ата-ана жиналысы өткізілді.

Мақсаты: Бала тәрбиесі дамуындағы рол атқарушы - отбасы. Сондықтан ата-ана бала көңілін таба білуіне ой қозғау, пікір бөлісу. Ата-аналар ойларын ашық, еркін ортаға салып, пікірлесті.

Сынып жетекшісі: Зере Жакупова

[https://www.facebook.com/profile.php?](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__[0]=AZWXYoC1NqX_gYHveBztF7m60bH0CMik9RT-POUqytnYc9E7ANKB4AMcnTEPZlwVOnUdGKVVg8j8Z0KsI8RiUg6W4Zq126_nrA2GZopbvQGsU9nQ_FiCxxGFRDn5EWF9atV--QKbF1ls6mWz5AMS4N0a9uVQLJOlnYwb5T0Mdlc-ug&_tn=-UC%2CP-R)

[id=100047927026214&_cft__\[0\]=AZWXYoC1NqX_gYHveBztF7m60bH0CMik9RT-POUqytnYc9E7ANKB4AMcnTEPZlwVOnUdGKVVg8j8Z0KsI8RiUg6W4Zq126_nrA2GZopbvQGsU9nQ_FiCxxGFRDn5EWF9atV--QKbF1ls6mWz5AMS4N0a9uVQLJOlnYwb5T0Mdlc-ug&_tn=-UC%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__[0]=AZWXYoC1NqX_gYHveBztF7m60bH0CMik9RT-POUqytnYc9E7ANKB4AMcnTEPZlwVOnUdGKVVg8j8Z0KsI8RiUg6W4Zq126_nrA2GZopbvQGsU9nQ_FiCxxGFRDn5EWF9atV--QKbF1ls6mWz5AMS4N0a9uVQLJOlnYwb5T0Mdlc-ug&_tn=-UC%2CP-R)

Мектебімізде "Баланың басты ұстазы - ата-ана" тақырыбында жаңа форматта ата-ана жиналысы өткізілді.

Мақсаты: Ата-аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру. Баланың бүгінгі жасаған қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.

Жиналыс барысында барлық ата-аналар белсенді болып, өз ойларын ашық айтып пікір алмасты.

Сынып жетекшісі: Арайлым Елубаева

[https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__\[0\]=AZW-mW_fI5gaHpjmeeIBJzMeOo_z2EeZAE4wGgFRIBm54sFIHNwqKoXCkmeCU5BnE0PiZnkoA0w6e6XuhQbW0IcyAUdEXmm0ay8y2P_fVT5QvMKNTvZyhrVqublwEOk60giRf2eEOPYuL6xYJdIHQ8vBUIYD5V3AsY60K-zTToSbg&_tn_=-lC%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__[0]=AZW-mW_fI5gaHpjmeeIBJzMeOo_z2EeZAE4wGgFRIBm54sFIHNwqKoXCkmeCU5BnE0PiZnkoA0w6e6XuhQbW0IcyAUdEXmm0ay8y2P_fVT5QvMKNTvZyhrVqublwEOk60giRf2eEOPYuL6xYJdIHQ8vBUIYD5V3AsY60K-zTToSbg&_tn_=-lC%2CP-R)

Мектебімізде "Қатігездік және зорлық -зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық науқаны аясында балалық шақты қорғау және оң тәрбие мәселелеріне баса назар аудара отырып, сынып жетекші Қыдырәлиева Нұргүл ата-аналарға тренинг өткізді.

[https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__\[0\]=AZV55RHSPtd1LzyiyUHzyPaT6E_GXO70u4vQHDaWNIKS3ITXjGFRgeGFFY143UgLPpj0oc2brXI7VqWTm5ZoowYX8jYBEOwLF8e1BaZ8cFaHGDjzqWS1vHY81FKFrYpRwH226drjSPSxP00Xe7vhSteMvCNeUhg4ZMUwsxS00BM_1w&_tn_=-lC%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__[0]=AZV55RHSPtd1LzyiyUHzyPaT6E_GXO70u4vQHDaWNIKS3ITXjGFRgeGFFY143UgLPpj0oc2brXI7VqWTm5ZoowYX8jYBEOwLF8e1BaZ8cFaHGDjzqWS1vHY81FKFrYpRwH226drjSPSxP00Xe7vhSteMvCNeUhg4ZMUwsxS00BM_1w&_tn_=-lC%2CP-R)

Мектебімізде "Қатігездік және зорлық -зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық науқаны аясында балалық шақты қорғау және оң тәрбие мәселелеріне баса назар аудара отырып, сынып жетекші Аяғанова Гүлсая ата-аналарға тренинг өткізді.

[https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__\[0\]=AZVE2-a0rR4oEyOE88TSJlt_8FE7iP9jFfGARX6wF-WmQHc-JKxb9_uXC7RBFUvm8mO0TP4kLQKejcvvtOHTVCX_xXMonEpINttORo7wRqrr0NEhpIajcvZcuRCiVEKrUirPNG47-ccwQqDDeiMDpjUGy7JXyRIrWVMOymPODh3DNdg&_tn_=-UC%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__[0]=AZVE2-a0rR4oEyOE88TSJlt_8FE7iP9jFfGARX6wF-WmQHc-JKxb9_uXC7RBFUvm8mO0TP4kLQKejcvvtOHTVCX_xXMonEpINttORo7wRqrr0NEhpIajcvZcuRCiVEKrUirPNG47-ccwQqDDeiMDpjUGy7JXyRIrWVMOymPODh3DNdg&_tn_=-UC%2CP-R)

Ағымдағы жылдың 25 қарашасы мен 10 желтоқсан күндері аралығында мектебімізде тұрмыстық зорлық - зомбылықтың, балаларға жасалынатын зорлық - зомбылықтың алдын алу мақсатында «Зорлық - зомбылыққа қарсы 16 күн» ақпараттық науқаны өтуде. Іс-шаралар жоспарына сәйкес балаларға жасалынатын зорлық - зомбылықтың алдын алу мақсатында ата-аналарға «Отбасы және бала тәрбиесі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Балаларға қатысты зорлық - зомбылықты болдырмауға және жолын кесуге,

ана мен баланы қорғауға, қоғамда отбасы құндылықтарын насихаттауға бағытталған және мемлекеттің қабылдап жатқан шаралары туралы кеңінен түсіндірілді.



[https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__\[0\]=AZV4e8Df0wHTXk2YXbweuFISsqRSgBRV23GrHBN4nFalxOU8gHLw7sRWmAoN9SIYslwwJ4Hi5jgpD_nPP2D_2-wh2y-yT8JkTDaYe2_fTYp7mWbDOSKrqakuQTdUskSGT2xabmIhY1JJNZ0ONOOQvLcmFcLUYUyneYxUI1mnYEiUPA&_tn_=-UC%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__[0]=AZV4e8Df0wHTXk2YXbweuFISsqRSgBRV23GrHBN4nFalxOU8gHLw7sRWmAoN9SIYslwwJ4Hi5jgpD_nPP2D_2-wh2y-yT8JkTDaYe2_fTYp7mWbDOSKrqakuQTdUskSGT2xabmIhY1JJNZ0ONOOQvLcmFcLUYUyneYxUI1mnYEiUPA&_tn_=-UC%2CP-R)

ЗОРЛЫҚ - ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ ОТБАСЫ

Қазіргі уақытта отбасындағы зорлық-зомбылық тақырыбы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі қоғамда орын алып жатқан түрлі жайттар қоғамды алаңдатпай қоймайды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық – отбасы тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға қатысты дене зардабын және психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті. Көбінесе, әйелдер мен балалар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандары болып табылады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық баланың дамуына және оның өмір бойы басқа адамдармен қарым-қатынасына ықпал етеді. Ағымдағы жылдың 2023 жылдың 25-қараша мен 10 желтоқсан аралығында "зорлық зомбылықсыз 16 күн белсенділік!" атты ақпараттық науқан өткізілуде. Іс шара жоспарына сәйкес мектеп психологы Қ. Абишева ата-аналарға осы тақырыпта тренинг өтті.



[https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__\[0\]=AZXtMA3NDfdvLmwuRtzkT8fnZmZJOHw4eoRjBjG_mhPvFt5gRhYHcSzweNucy9AY8X1LK_9FzIMlbrpvqOdGt11oSQZkCiFQjDHZAEyZ2jCXVJdczcOCHSZH-IClpJfMoMa5ZsV2Jl8g2AUNsmzzq7pHKj-JV3TMewxUDNC1x1bg&_tn_=-UC%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__[0]=AZXtMA3NDfdvLmwuRtzkT8fnZmZJOHw4eoRjBjG_mhPvFt5gRhYHcSzweNucy9AY8X1LK_9FzIMlbrpvqOdGt11oSQZkCiFQjDHZAEyZ2jCXVJdczcOCHSZH-IClpJfMoMa5ZsV2Jl8g2AUNsmzzq7pHKj-JV3TMewxUDNC1x1bg&_tn_=-UC%2CP-R)

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ ӨТТІ.

30 наурыз күні жалпы ана-аналарымен жиналыс болып өтті.

🟢 Мақсаты:

Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерінің жетілдіре отырып, қарым-қатынасты орнату. Ата-аналардың мектеппен, мұғаліммен тығыз байланысын арттыру, балаларын білімге, мейірімдікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету.

Күн тәртібінде:

1. III оқу тоқсанының қорытындысы;
2. Отбасылық құндылықтарды дәріптеуді күшейту, репродуктивтік денсаулықты сақтау, оқушылардың әлеуметтік жауапкершілік деңгейлерін арттыру;
3. "Ғаламтор әлеміндегі радикализм" тақырыбында ақпараттық-түсіндірме жұмыстар жүргізу;
4. Ағымдағы мәселелер;



[https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__\[0\]=AZX6zoaJU5hQ6Xy8a6_TK4-RvCCNfvQ-p47NRNwRGV68XBbgTpPTszwYP1VJkEd3qHCQu0dEUbmdPbmLjlkOs6etEaPJpXmIArFJ_kOA2Z5iLYLR_gkH3Kf3FRnyY2bGnHO9BcPacPt29ZHm2LQ1g-SZgWzOuhAa0KHbdJnqFTchKg&_tn_=-UC%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__[0]=AZX6zoaJU5hQ6Xy8a6_TK4-RvCCNfvQ-p47NRNwRGV68XBbgTpPTszwYP1VJkEd3qHCQu0dEUbmdPbmLjlkOs6etEaPJpXmIArFJ_kOA2Z5iLYLR_gkH3Kf3FRnyY2bGnHO9BcPacPt29ZHm2LQ1g-SZgWzOuhAa0KHbdJnqFTchKg&_tn_=-UC%2CP-R)

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

20 мамыр күні мектебімізде жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында 2023-2024 оқу жылын аяқтау, мемлекеттік емтихан, оқушылардың жазғы демалыспен камтылуы, мектеп бітіру кештеріндегі

оқушылар қауіпсіздігі, жазғы мезгілдегі суға шомылу ережелері, жасөспірімдер арасында көлік басқару, құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері каралды. Сонымен қатар мектеп формасының қатаң сақтау керектігі айтылып, келер оқу жылында мектеп формасының заңдылығын сақтау керектігі ескертілді.



[https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__\[0\]=AZV0Hj0lerNK6P04nM6dgLTRikIAzLmyEnCkHk7zimGbTC24g_nppyfH1noU51bbTYmkprAz9Sd2v4GesOCdEfGkyO4mvJSdMLfYzO6ASsP88Glsvi8B8Plpv3e77XuAw69WZVwuRdxixZuW6upreBDUZAAdoqNk2goWzVv3_Ef46Lg&_tn_=-UC%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&_cft__[0]=AZV0Hj0lerNK6P04nM6dgLTRikIAzLmyEnCkHk7zimGbTC24g_nppyfH1noU51bbTYmkprAz9Sd2v4GesOCdEfGkyO4mvJSdMLfYzO6ASsP88Glsvi8B8Plpv3e77XuAw69WZVwuRdxixZuW6upreBDUZAAdoqNk2goWzVv3_Ef46Lg&_tn_=-UC%2CP-R)

2024-2025 оқу жылы

N60 Ж.Түменбаев атындағы орта мектебінде жалпы ата - аналар жиналысы болып өтті. Жиналыс барысында 2024-2025 оқу жылының алға қойған мақсат міндеттері таныстырылды. Мектеп психологы Қ Абишева ата-аналарға буллинг кибербуллингтен баланы қорғау, мектеп формасын сақтау алгоритмін таныстырып өтті. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Жамашова ата-аналарға "Ата-аналарды педагогикалық қолдау" орталығының жұмыс жоспарымен таныстырды. Сонымен қатар жасөспірімдердің көлік басқару, түнгі мезгілдегі беймезгіл жүрістерінің алдын алу бойынша айтып өтті.



[https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&__cft__\[0\]=AZXSnnBQkmafanaBvtKpzzAAhtOnSPp_zDUaJi-TvPlqtdsls78AxagN8yOimmbw9HQxtQ4nnJdzb5fPEV4t3bk1WYFjcTd9PKuH-KjzT2A7QCEEwcEVZjpDq-HVMYPB9J2112EBfJ-IXNpVYvDP4NpvJ8tb3mVbuHwPU6IEjlzyBg&__tn__=-UC%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&__cft__[0]=AZXSnnBQkmafanaBvtKpzzAAhtOnSPp_zDUaJi-TvPlqtdsls78AxagN8yOimmbw9HQxtQ4nnJdzb5fPEV4t3bk1WYFjcTd9PKuH-KjzT2A7QCEEwcEVZjpDq-HVMYPB9J2112EBfJ-IXNpVYvDP4NpvJ8tb3mVbuHwPU6IEjlzyBg&__tn__=-UC%2CP-R)

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ САБАҒЫ

Мектебімізде біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында "Ұйқы және психикалық денсаулық" тақырыбында Ж.Ермекбаева 5-9 сынып ата -аналарына педагогикалық қолдау сабағын өткізді.

Мақсаты: жасөспірімнің психикалық денсаулығын сақтау факторы ретінде ата-аналардың ұйқыға жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру.

Міндеттері:

Ата-аналарды жасөспірімнің ұйқыға қатысты пайдалы әдеттерін дамытуға ынталандыру.

Ата-аналардың ұйқының жасөспірімдердің психологиялық және эмоционалдық жағдайына әсері туралы түсініктерін кеңейту.

Балаларына ұйқы сапасын жақсартуға көмектесу үшін практикалық дағдыларды дамыту.



[https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&__cft__\[0\]=AZXZZVZC-hAwfL6b9z-orujbDQvfN5AdpXHEB1somZ_UJSqDYd2R4AgNYHahNW9oCoMWgwhmsUd97WZtLYCig1T8CRRm12VOLTRw30vaycII_I2sFyCcg8h3y9p2tJADF9QZ91ysZkGcGFbvfG028Vu5ZC8UjvmUesTVEjst8L26SQ&__tn__=-\]C%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&__cft__[0]=AZXZZVZC-hAwfL6b9z-orujbDQvfN5AdpXHEB1somZ_UJSqDYd2R4AgNYHahNW9oCoMWgwhmsUd97WZtLYCig1T8CRRm12VOLTRw30vaycII_I2sFyCcg8h3y9p2tJADF9QZ91ysZkGcGFbvfG028Vu5ZC8UjvmUesTVEjst8L26SQ&__tn__=-]C%2CP-R)

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ САБАҒЫ

Мектебімізде біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Жасөспірімдердің ұйқысы: оқу және мінез-құлыққа әсері» тақырыбында М.Саятуллаева 5-9 сынып ата - аналарына педагогикалық қолдау сабағын өткізді.

Мақсаты: ата-аналардың ұйқыға жауапкершілікпен қарауы жасөспірімнің денсаулығын және психикалық саулығын сақтау факторы ретінде қарастыру
Міндеттері:

ата-аналардың жасөспірімнің ұйқы сапасын жақсарту үшін қолайлы жағдайлар жасауға ынталандыру;

жасөспірімдердің танымдық белсенділігі мен мінез-құлқына ұйқының әсерін түсінуге ықпал ету;

ұйқы сапасын жақсартуға көмектесу үшін практикалық дағдыларды дамыту



[https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&__cft__\[0\]=AZUmnVOLFWanmcB3_OPC0NIAdxrL06p8HhXvkJ76CJMv4Sgg3Jc4pu2v9y2-1XvVCMGvWxq6solYUiVqMr27UW0G7CgQqfX8JgbF8HEY-iT3W4XO8W_v466J7Ps9oUy4BY211xLze4AJPYzwX7UgtXyq-w4aNMS2tGrFIULlpJi3iA&_tn_=-UC%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&__cft__[0]=AZUmnVOLFWanmcB3_OPC0NIAdxrL06p8HhXvkJ76CJMv4Sgg3Jc4pu2v9y2-1XvVCMGvWxq6solYUiVqMr27UW0G7CgQqfX8JgbF8HEY-iT3W4XO8W_v466J7Ps9oUy4BY211xLze4AJPYzwX7UgtXyq-w4aNMS2tGrFIULlpJi3iA&_tn_=-UC%2CP-R)

[id=100047927026214&__cft__\[0\]=AZUmnVOLFWanmcB3_OPC0NIAdxrL06p8HhXvkJ76CJMv4Sgg3Jc4pu2v9y2-1XvVCMGvWxq6solYUiVqMr27UW0G7CgQqfX8JgbF8HEY-iT3W4XO8W_v466J7Ps9oUy4BY211xLze4AJPYzwX7UgtXyq-w4aNMS2tGrFIULlpJi3iA&_tn_=-UC%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&__cft__[0]=AZUmnVOLFWanmcB3_OPC0NIAdxrL06p8HhXvkJ76CJMv4Sgg3Jc4pu2v9y2-1XvVCMGvWxq6solYUiVqMr27UW0G7CgQqfX8JgbF8HEY-iT3W4XO8W_v466J7Ps9oUy4BY211xLze4AJPYzwX7UgtXyq-w4aNMS2tGrFIULlpJi3iA&_tn_=-UC%2CP-R)

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ САБАҒЫ


Мектебімізде біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Сапалы ұйқы - балалардың дамуы мен денсаулығының негізі» тақырыбында А.Қауметова 1-4 сынып ата - аналарына педагогикалық қолдау сабағын өткізді.

Сабақтың мақсаты: Баланың физикалық және психикалық денсаулығын сақтау факторы ретінде ата-аналардың ұйқыға құндылық қатынасын қалыптастыру.

Міндеттері:

Ата-аналардың баланың толыққанды ұйқысын қамтамасыз етуі үшін қолайлы жағдай жасауға деген ұмтылысын дамыту;

Салауатты ұйқының баланың ағзасы мен дамуына әсері және ұйқының бұзылуының теріс салдары туралы түсініктерді тереңдету;
Баланың ұйқысы пайдалы болуы үшін күн тәртібін сақтаудың нақты алгоритмін қалыптастыру.



[https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&__cft__\[0\]=AZUC6-kD_2NE5hqXip0JKEAJPaUsdV3cudePXk2SM2m9DPY7E1lqZS3iEe4b5JXv_XxjSCZL4qg2hyVf4mWjDXP_497PskzxXOSGG8YwAvJtBlQwX6ck223PTIsfxs7NrL3ApSd9nF_Pf8H3IHRFOse3wd6l4nR49-OumaeM5mKOAA&__tn__=-UC%2CP-R](https://www.facebook.com/profile.php?id=100047927026214&__cft__[0]=AZUC6-kD_2NE5hqXip0JKEAJPaUsdV3cudePXk2SM2m9DPY7E1lqZS3iEe4b5JXv_XxjSCZL4qg2hyVf4mWjDXP_497PskzxXOSGG8YwAvJtBlQwX6ck223PTIsfxs7NrL3ApSd9nF_Pf8H3IHRFOse3wd6l4nR49-OumaeM5mKOAA&__tn__=-UC%2CP-R)